



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№38 (1950) 28 ҚАЗАН 2024 ЖЫЛ



Технология саласындағы қатынастар жанданады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Бейжің технологиялар институтының (BIT) вице-президенті Ван Бенконгпен кездесу өткізді.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Қытайдың 65 жоғары оқу орны және ғылыми ұйымдарымен серіктестік орнатып, тығыз қарым-қатынаста екенін атап өтті.

«Біз үшін технология саласын дамыту өте маңызды. Сондықтан біз жаңа жобалар мен бастамаларға дайынбыз және әрқашан ашықпыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Бейжің технологиялар институтының вице-президенті әріптестікті арттыру мақсатында негізгі үш бағытқа тоқталды.

«Бейжің технологиялар

институты Қытайдағы үздік он университеттің қатарына кіреді. QS World University Rankings әлемдік рейтингінде университет 302-орын алады. Біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен технология саласындағы қатынастарды жандандыруға ниеттіміз», – деді Ван Бенконг.

Кездесу соңында тараптар келіссөз барысында айтылған жобаларды бірлесіп атқаруға уағдаласып, әріптестікті жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ

ең алғаш жария етіліп, тәуелсіз ел ретінде танылды. Тәуелсіздігіміздің іргетасы қаланып, тұңғыш рет дербес шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа декларация қабылданды. Еліміздің егемендігі баянды болсын!» – деді ректор.

Сонымен қатар ЖОО басшысы өз сөзінде университетті дамыту бағытында жүргізіліп жатқан нәтижелі жұмыстарды атап өтіп, алдағы міндеттер мен болашақта атқарылатын ауқымды жобаларға тоқталды.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды дамытуға елеулі үлес қосқан оқытушылар мен ғалымдарға мерекелік сый-сияпат табыс етті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ғылым жолында табыс тіледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының қызметкерлері мен оқытушы-профессорлар құрамымен кездесті.

Жүздесуде ректор университет ұжымын 25 қазан – Республика күнімен құттықтап, ғы-

лым жолында табысты болуына тілектестігін білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында: «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке», – деп атап өткен болатын. Егемендігімізді дәріптеп, тәуелсіздігімізді паш етуде Республика күнінің тарихи маңызы зор. Бұл күні егемендігіміз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Юань Чжень» компаниясымен және «Kenzhe holding» ЖШС-мен әлеуметтік нысандар салу туралы келісімге қол қойды. Меморандум негізінде аталған компаниялар ҚазҰУ қалашығында 3 жатақхана салады.

Келісімге оқу ордасының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың Қытайдағы «Юань Чжень» компаниясы мен «Kenzhe holding» ЖШС басшылығымен кездесуінде қол жеткізілді.

Жүздесуде университет ректоры құрметті қонақтарға ЖОО-

Жатақхана салу туралы келісім жасалды



ның жетістіктері туралы айтып, университетті дамыту жоспарын таныстырды.

«Университет Қытай ЖОО-

ларымен тығыз жұмыс істейді. Мәселен, Қытай университетінің филиалы алғаш рет ҚазҰУ базасында ашылды. Сонымен

қатар алдағы уақытта қытайлық университетпен бірлесіп ғарышқа наноспутник ұшыруды көздеп отырмыз. ҚазҰУ қа-

лашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жұмыстары бастау алды. Жаңа жоба бойынша қалашықта жатақханалар, оқу корпустары, технопарк, медициналық орталық салынбақ. Қазіргі таңда үш жатақхана мен үш оқу корпусының құрылысы басталды», – деді ректор.

Өз кезегінде компания өкілдері ілтипат білдіргені үшін оқу ордасының басшылығына ризашылықтарын жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

3-бет

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА:

Всегда было комфортно работать в КазНУ



4-бет

Дархан МАМЫТҚАНОВ:

Бәсекеге қабілетті мамандар көбейеді



7-бет

Су – ең қымбат табиғи ресурс





Сартаев – декларация авторларының бірі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекет ретіндегі конституциялық дамуы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ауқымды жиын Республика күніне және университеттің 90 жылдығына орайластырылды.

Конференция Қазақстан Республикасының конституциялық негіздерін дамытуға, мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруға елеулі үлес қосқан ҚР ҰҒА академигі, профессор Сұлтан Сартаевты еске алуға арналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің 90 жылдығына және академик Шалтай Смағұловтың 75 жылдығына арналған Computational and Information Technologies in Science, Engineering and Education (CITech-2024) конференциясы өтті.

Конференцияны ҚР ҰҒА және ҰИА академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академияларының президенті Бақытжан Жұмағұлов ашты. Ол көрнекті ғалым, есептеу математикасы және дифференциалдық теңдеулер теориясы саласындағы ірі маман, 200-ден астам жұмыстың авторы, оның ішінде есептеу және қолданбалы математиканың ең өзекті мәселелері бойынша сегіз монографияның авторы Шалтай Смағұловтың жетістіктеріне тоқталды.

Конференция ашылуында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау сөзі оқылды.

Басқарма Төрағасы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың құттықтау сөзін Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов оқыды. «Шалтай Смағұлұлы – көрнекті ға-

ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов іс-шараны ашып, ашық және демократиялық қоғам құруға бағытталған Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде өткізілетін ғылыми конференцияның маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаған алғашқы құжат – 1990 жылғы 25 қазанда Жоғарғы Кеңес қабылдаған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация. Декларацияда басты міндеттердің бірі – қазақ тілі мен қазақ халқының ұлттық рухын жаңғырту және дамыту болды. Академик Сұлтан Сартаев осы декларация авторларының бірі болды.

Пленарлық отырыста ҚР Президентінің жанындағы

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, профессор Унзила Шапақ, ҚР Конституциялық сотының судьясы, заң ғылымының докторы Айжан Жатқанбаева, ҚР Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымының докторы Әлібек Темірбеков, Қытай және Орталық Азия білім беру саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу жөніндегі жұмыс кеңесінің бас хатшысы, Сиань Цзяотун университеті заң мектебінің профессоры София Ушурова, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов, ҚР Сот әкімшілігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Ержан Қожахметов сөз сөйледі.

Тәуелсіздік алған қиын кезеңде Қазақстанның көрнекті заңгерлері, академик Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев жаңа тәуелсіз құқықтық сананы қалыптастыру туралы мәселе көтергенін атап өткен жөн. Қазақ заң ғылымының көрнекті тұлғаларының сөздері, еңбектері тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негізін қалыптастыруға үлкен әсер етті.

Өз ғылыми мектебін құрған ғалым



лым, педагог және ғылымды ұйымдастырушы. Оның есептеу математикасы мен математикалық модельдеудің дамуына қосқан үлесі шынымен де баға жетпес. Ол ғылыми мектеп құрды, Навье-Стокс теңдеулерін шешудің сандық әдістерін жасады», – делінген хатта.

Пленарлық отырыста физика-математика ғылымдарының докторы, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Петр Вабищев, физика-математика ғылымдарының докторы, про-

фессор, академик Мұхтарбай Өтелбаев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының (ҰИА) академигі Айдархан Қалтаев, В.М.Матросов атындағы Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімінің Жүйелер динамикасы және басқару теориясы институтының директоры, PFA академигі Игорь Бычков және басқалар сөз сөйледі.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ғылымның дамуына пайдасы мол келісім



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Хунань педагогикалық университетінің делегация құрамы арнайы сапармен келді. Сапар аясында тараптар өзара тиімді серіктестікті бекіткен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Делегацияны ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қарсы алды. Ол ҚазҰУ ҚХР-дың 64 жоғары оқу орнымен өзара байланыста және оның шеңберінде ғылым мен білім беру саласындағы түрлі бірлескен жобалар іске асырылатынын атап өтті. 2002 жылы ҚазҰУ Ланчжоу университетімен бірлесіп Қытай тілі орталығын ашты. Аталған орталық 2007 жылы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен Конфуций институты болып өзгертілді. ҚазҰУ жанындағы Конфуций институты Қазақ ұлттық университеті мен Ланчжоу университетінің көпжылғы ынтымақтастығы мен бірлескен күш-жігерінің нәтижесі. Осы аралықта көптеген оқу құралдары басып шығары-

лып, 3000-нан астам студент қытай тілін меңгерді.

Өз сөзінде Еркін Ерманұлы делегация құрамының университет қызметіне қызығушылық танытқанына алғыс білдіріп, Хунань педагогикалық университетімен ынтымақтастық қос елдің жоғары оқу орындары мен ғылымның дамуына пайдасы мол әрі келешегі зор боларына тоқталды.

Хунань педагогикалық университетінің вице-президенті Лю Хуайдэ Хунань провинциясы үкіметі мен Қытайдың білім министрлігі қаржыландыратын университет жайлы айтты. Университет ҚХР-дың Top-100 ЖОО арасында 5-орынға ие және Nature Index (2023) нұсқасы бойынша жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми жарияланымдардың сапасы бойынша Top-350 университеттің қатарына кіреді.

Өз сөзінде Лю Хуайдэ келісім аясында жүзеге асыруға жоспарланған бірқатар ұсыныстар айтты. Кездесу ғылым мен білім саласындағы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын айқындаған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою салтанатты рәсімімен аяқталды.

Гүл БАЯНДИНА

Білікті мамандарды бірлесіп даярлайды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Шығыс-Қытай Цзяотун университетінің вице-президенті Ян Дэмин бастаған делегация жұмыс сапарымен келді.

Құрметті қонақтармен Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов кездесіп, өзара пікір алмасты.

Тараптар жүздесуде екіжақты қатынастардың перспективті бағыттарына айрықша мән берді.

Сонымен қатар білікті мамандарды бірлесіп даярлауға, академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыруға,

ғалымдардың ортақ ізденістерін арттыру бойынша әріптестікті жалғастыруға уағдаласты. Бұдан бөлек, бірлескен халықаралық конференциялар мен симпозиумдар өткізу жөнінде ұсыныстар жасалды.

Келіссөз барысында проректор Еркін Дүйсенов делегация мүшелеріне ҚазҰУ-дың жетістіктерін айтып, ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды.

Өз кезегінде Ян Дэмин ілтипат білдіргені үшін ЖОО басшылығына алғысын білдіріп, Шығыс-Қытай Цзяотун университеті мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға ниетті екенін жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Я заведовала кафедрой в течение 26 лет, с 1996-го по 2020 год. И решила, кто, если не я, напишет историю кафедры иностранных языков.

Кафедра иностранных языков официально стала самостоятельной структурой университета им. С.М.Кирова в 1959 году. Первым заведующим кафедрой был к.ф.н., доцент Эфим Моисеевич Шварцман. Преподавательский состав состоял в основном из выпускников институтов иностранных языков Москвы, Ленинграда, Киева, Минска, а позднее – университета имени Абылайхана, ранее известного как Алма-Атинский институт иностранных языков (АПИИЯ). Это был сплоченный коллектив единомышленников, любящих свою профессию и своих студентов. Как и в настоящее время, преподаватели кафедры занимались научной работой, писали методические разработки, давали открытые уроки, проводили методические семинары, участвовали в университетских конференциях, активно проводили воспитательные мероприятия со студентами, повышали свою методическую и языковую квалификации и т.д. И ещё в советское время обязательно ходили на демонстрации, посвященные празднованию Великой октябрьской революции и Международному дню солидарности трудящихся.

Единственная разница в работе преподавателей советских времен заключалась в целях обучения иностранному языку, которые были иными, чем сегодня. Поскольку цель всегда отражает потребности общества на определенном этапе его развития и всегда соответствует социальному заказу, перед преподавателями иностранных языков не ставилась задача развития коммуникативных навыков студентов на иностранном языке. В университетской программе за 1984 год целью обучения иностранному языку была следующая: научить студентов читать и переводить оригинальную литературу по специальности для получения информации; принимать участие в устном общении на английском языке в объеме материала, предусмотренного про-

граммой. В течение первых двух лет обучения использовались учебники Берлина и Бонка для обучения чтению, произношению и интонации, а также для изучения грамматики и пополнения словарного запаса. Программа обучения в эти годы была ориентирована на изучение General English. На третьем и четвертом курсах студенты читали и переводили специализированные тексты, а также выполняли задания, называемые «тысячами». На каждое занятие студенты должны были подготовить перевод 5000 «знаков» текста по специальности и 3000 «знаков» статьи из «Московских новостей» в рамках профессионально-ориентированного обуче-

Айжан МУЛДАГАЛИЕВА, доцент кафедры иностранных языков, к.ф.н.

Всегда было комфортно работать в КазНУ

ния английскому языку. В те годы преподаватели и студенты испытывали серьезные трудности с учебной литературой, поэтому студенты использовали старые номера «Московских новостей», полученные из Москвы после длительных задержек. Вспоминается курьезный случай, связанный с газетой «Московские новости». Ширина колонки в этой газете была эквивалентна ширине одного советского рубля. Студенты измеряли «тысячи» по длине этой купюры. Размещение одной рублевой купюры на колонке статьи в «Московских новостях» соответствовало 1000 буквенных знаков газетного текста и три купюры рубля соответствовали трем тысячам знаков.

Большое внимание уделялось развитию у студентов навыков перевода, в основном с английского языка на русский. В то время студенты иногда достигали высокого уровня мастерства в переводе, особенно в переводе текстов по специальности, который назывался «перевод с листа», и некоторые способные студенты буквально сразу же читали английский текст по-русски; в

современном языке они были бы квалифицированы как переводчики-синхронисты.

Сегодня кафедра продолжает славные традиции, заложенные основателями кафедры. Следует подчеркнуть, что в настоящее время цели и задачи обучения иностранному языку кардинально изменились. Это связано с тем, что новоказахстанское общество нуждается в воспитании новой волны квалифицированных, конкурентоспособных специалистов со знанием иностранного языка, способных развивать сотрудничество, адаптироваться к меняющимся ситуациям, вести конструктивный диалог с коллегами других культур. Соответственно изменились и цели обучения. В настоящее время кафедра иностранных языков ставит перед собой следующие цели и задачи обучения иностранному языку: развитие межкультурной коммуникативной компетенции студентов естественных и социально-гуманитарных дисциплин на основе общепринятой международной системы уровней для активного применения инос-

транного языка как в повседневном, так и в профессиональном общении.

Первостепенной целью обучения является развитие у студентов коммуникативных навыков на основе применения интерактивных методов, т.е. научить студентов общаться с представителями других культур как в устной, так и в письменной форме.

Преподаватели кафедры прилагают большие усилия, направленные на повышение эффективности занятий, успешно используя в своей образовательной деятельности опыт ведущих зарубежных университетов. На уроках они широко применяют MOOK по грамматике таких университетов, как University of Pennsylvania, США, University of California, Irvine, King's college London UK и т.д., а также внешние цифровые образовательные инструменты: Kahoot, Quizizz, Quizlet, Google Forms, а также проводят занятия на платформах SpatialChat // Spatial Mozilla Hubs, Hubs by Mozilla, и т.д.

Усилиями преподавателей кафедры были подготовлены MOOK «Ағылшын тілі», целью

которого является обучение английской грамматике через казахский язык, серия уроков SPOC, основанные на реализации методики «перевернутый класс», а также MOOK «Academic Writing», имеющий целью вооружить студентов, магистрантов и начинающих исследователей знаниями как правильно написать научную статью для публикации.

Одним новшеством в работе кафедры является открытие официально аккредитованного ETC GLOBAL KazNU TOEFL Center по подготовке и приему международного экзамена по английскому языку TOEFL ITP.

Следует особо отметить, что в настоящее время в связи с укреплением международных связей Казахстана у студентов значительно повысился интерес к изучению иностранных языков. Знание языка расширяет карьерные возможности выпускников, позволяет продолжить учебу в высших учебных заведениях мира, установить научные контакты с учеными других стран с целью проведения совместных исследований и т.д. Владение иностранным языком было всегда престижно и интересно.

Краткая информация о себе: я работаю в университете с 1980 года. В течение 26 лет (1994-2020) заведовала кафедрой иностранных языков. Защитила диссертацию в Москве, имею более ста научных трудов, по Фулбрайт гранту проводила исследование в США. В это году исполняется 43 года как я тружусь в КазНУ им. Аль-Фараби.

Мне всегда было комфортно работать в этом коллективе. Это – коллектив высококомпетентных профессионалов, глубоко порядочных людей, требовательных к себе и студентам. Отдельно хотела бы отметить ректоров нашего университета под руководством которых мне довелось работать: Нарibaев К.Н., Кожамкулов Т.А., Мутанов Г.М., Туймебаев Ж.К. Все ректоры – выдающиеся личности современного Казахстана с видением будущего нашей страны и общества. Пусть Казахский национальный университет им. Аль-Фараби развивается, крепнет и процветает, готовит будущих кадров – профессионалов, которые смогут успешно конкурировать на рынке труда в Казахстане и за рубежом.

Хочу выразить признательность!

Период моего обучения в университете стал не просто временем получения знаний, но и важным этапом в моей жизни. После его завершения мне выпала честь работать два года в стенах родного университета, где я смог применить приобретенные навыки на практике. Эти годы стали неотъемлемой частью моего профессионального роста и позволили внести вклад в образовательный процесс, который так важен для всех нас.

Работа в стенах кафедры теплофизики и технической физики оставила неизгладимый след в моей профессиональной жизни. Горжусь тем, что имел возможность работать и развиваться в таком дружном и высокопрофессиональном коллективе. Ваше

неуклонное стремление к совершенству и поддержка студентов продолжают вдохновлять нас на новые достижения. Особую признательность хочу выразить заведующей кафедрой теплофизики и технической физики Казахского национального университета имени



Аль-Фараби, Салтанат Алихановне Болегеновой. Ваша пре-

данность делу, глубокие знания и мудрость стали для меня источником вдохновения. Вы всегда были не только строгим, но и понимающим наставником, который помогал нам не только в учёбе, но и в жизни.

Дорогие преподаватели, ваш терпение, мудрость и преданность делу стали теми основами, на которых мы строим свои карьерные пути. Вы научили нас не только предметам, но и жизненным условиям, как стать настоящими профессионалами, способными справляться со сложнейшими вызовами и оставлять след в науке. Ваша поддержка и мудрые со-

веты формировали в нас стремление к развитию и желание подниматься на новые вершины. Я искренне надеюсь, что наш университет продолжит привлекать лучшие умы, создавая будущее науки и образования в Казахстане.

Хочу поздравить вас с 90-летием родного университета и выразить надежду на дальнейшие успехи в вашей работе. Вы – настоящие носители знаний и культуры, светоч для нас, студентов, который ведет по пути к новым горизонтам. Спасибо вам за все!

Бахытжан ТЕМИРЛАНУЛЫ,
выпускник кафедры
теплофизики
и технической физики

Тұрақты даму мақсаттары

жастар назарында

Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы Болат Сайланның ұйымдастыруымен Тұрақты даму мақсаттары бағдарламасының «Кедейлікті жою» бағыты аясында «Тәуелсіздіктен кейінгі Орталық Азиядағы кедейшілікпен күрес» тақырыбында тарих, география және табиғатты пайдалану факультеттері студенттерінің қатысуымен басқосу өтті.



Іс-шарада Орталық Азия елдерінің кедейшілікпен қалай күресіп жатқаны жайында баяндамалар жасалып, арнайы презентациялар көрсетілді. Орталық Азияның әрбір еліндегі кедейшілікпен күрес тақырыбына тарих факультетінің 4-курс студенттері жеке-жеке сөз алды. Марал Әділеттің баяндамасында кедейліктің артқан кезеңдері мен соған байланысты қабылданған мемлекеттік шаралар туралы айтылды. Ол Қазақстандағы кедейлік деңгейінің 2013 жылдан 2016 жылға дейін 6 пайыздан 11 пайызға дейін өскенін атап өтті. Экономика тұрақтанып, әлеуметтік қолдау жүйесі жетілдірілгенде ғана кедейлік деңгейі қайтадан төмендеді.

Қырғызстанның жағдайы да жеңіл емес. Нұрәлі Ықылас Қырғызстандағы кедейлік мәселесін тереңірек зерттеп, 90-жылдардың ортасында халықтың 60 пайызы кедейлік шегінен төмен өмір сүргенін мәлімдеді. Экономикалық дағдарыстар, жұмыссыздық, әлеуметтік қолдау жүйесінің әлсіздігі – міне, осындай факторлар кедейлікті ұшықтырауда.

Өзбекстандағы кедейлік мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Бекарыс Құрманғалиев ауылдық жерлерде кедейліктің жоғары екенін және әйелдер мен балалар арасында бұл проблема тіпті тереңдеп кеткенін айтты. Мемлекет кедейлікті азайту үшін бірнеше бағдарлама қабылдаса да, олардың тиімділігі өзирге күмәнді.

Тәжікстанда кедейлікпен күрес тек мемлекет ішіндегі шаралармен шектелмейді. Ақдәме Сәндібекова халықаралық ұйымдардың, соның ішінде Дүниежүзілік банктің Тәжікстанға жасаған инвестициялары мен бағдарламаларын баяндады. Бұл елде кедейлік деңгейі 2000 жылдан бері төмендегенімен, ауылдық жерлердегі жағдай әлі де қиын.

Түрікменстандағы кедейлік туралы ақпараттың жеткіліксіздігі мен шектеулігі мәселенің нақты мөлшерін анықтауға кедергі келтірді. Диас Дастанов Түрікменстандағы кедейлік шегінен төмен халықтың пайызының ресми мәліметтер мен БҰҰ-ның баяндамалары арасында үлкен айырмашылық барын атап өтті.

Орталық Азия елдеріндегі кедейлікпен күрес бұл тек мемлекеттік саяси мәселелер емес, әрбір азаматтың, әсіресе жастардың жауапкершілігі. Білім мен ақпараттың арқасында жастар қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға үлес қосуға дайын. Бұл бағытта мемлекет пен халықаралық ұйымдардың қолдауын күшейту, инновациялық шешімдерді енгізу, кәсіпкерлікті дамыту – кедейлікті жоюдың тиімді жолдары болып саналады.

Айна ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
4-курс студенті
Қайрат АСҚАР,
1-курс студенті

Мемлекет басшысы қыркүйектегі халыққа арнаған жолдауында «Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды» деген мәселе көтеріп, оған арнайы тоқталғаны белгілі. Өйткені бүгінгідей цифрлық технология заманында білікті мамансыз өркениеттің есігінен сығалай да алмайсыз. Сондықтан кадрдың қадірін кетірмей, оны шыңдаудың жолын қарастырған абзал. Бұған қоса, Президентіміз «Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек» дей келе, құзырлы мекемелерге нақты тапсырмалар берді. Енді осы жолдауда көтерілген мәселе атаулыны шешу жолдары қандай? Оқу ордасы қандай озық тәжірибелерді ұсына алады? Осы және басқа да сауалдар төңірегінде «Qazaq universiteti» газетінің тілшісі философия және саясаттану факультеті Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы, социология ғылымының кандидаты Дархан Мамытқановпен тілдескен еді.



Дархан МАМЫТҚАНОВ, СОЦИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КАНДИДАТЫ:

Бәсекеге қабілетті мамандар көбейеді

– Кезінде «бар мәселені кадр шешеді» деген ұғым болғанын ұмытқан жоқпыз. Бүгінгі күні де білікті маманға сұраныс артпаса, азаймағаны анық...

– Әрине, қай заманда да білікті маманға деген сұраныс кеміген емес. Технология дамыған сайын соған сай маман-кадрлар қажеттілігі қазір де өзекті. Бірақ ескеретін бір жағдай, заман талабына сай кейбір мамандық иелеріне сұраныс азайып, басқа бағытта дамуда. Тіпті жаңа мамандықтар пайда болуда. Осыған орай, соңғы жылдары біздің университетте бұрын болмаған жаңа мамандықтар ашылып жатыр. Өйткені экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Президент «Ең алдымен су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет. Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек» деп нақты тапсырма берді. Бұл бағытта нақты жұмыстар да жүріп жатыр. Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастыруға ынталы. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Оның ішінде ҚазҰУ-да халықаралық оқу орындарының бірнеше филиалы жұмыс істеп жатыр.

Халықтың әл-ауқатының, өмір сапасының жоғары деңгейге артуы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени салада іске асып жатқан іс-шаралар ілгері өзгерістерге, еліміздің әл-ауқатын арттыруға бағытталып жатқанын көріп отырмыз. Президентіміздің бастамасымен көтерілген «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыру, елді ізгі мақсаттарға жұмылдыру арқылы «Әділетті Қазақстан» идеясы азаматтардың құндылық ұстанымының айқындалуына, болашаққа сенімді арттырады, қоғам дамуына негіз болады деп есеп-

теймін. Осы орайда айтқым келетіні, «бізде анау жоқ, мынау жоқ» деп қу шөппен ауыз сұртуге болмайды. Құдайға шүкір, отандық ЖОО-лар кәсіби маман әзірлеуге төселді. Қазір біздің оқу ордасы білім алушыларды өндіріске баулуда. Өндіріске баулу дегеніміз не? Сабақты практикамен ұштастыру. Біздің түлектер компанияларға, білім ошақтарына т.б. мекемелерге қызметке барғанда, бірден істің көзін табады. Яғни өз мамандығына сай білімі де, білігі де жоғары деп нық сеніммен айта аламын. Мысалы, өз басым білім берген студенттерім үшін еш қысылмаймын. Күні ертең олар оқытушы-ұстаздарын жерге қаратады деген ойдан да аулақпын.

– Демек, келешекте кадр тапшылығы төмендейді дейсіз ғой...

– Болашақта өз саласының кәсіби білікті маманы ретінде еліне адал қызмет етуге дайын, бәсекеге қабілетті, жан-жақты заман талаптарына сай машық түрлерін бойына сіңіріп қалыптастырған отаншыл жастардың үлесі жоғары болмақ. Өйткені еліміздің кәсіби кадр әлеуетін арттыруда қоғамның әр саласында қажетті мамандармен қамтамасыз ету бағытында көптеген бастамаларды қолдау жүзеге асырылып жатыр. Заман талаптарына сай маман даярлауда шетелдік озық оқу орындарының Қазақстанда бөлімшелерін ашу, шетелде жастардың оқуына, ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында тағылымдамадан өтуге мүмкіндіктер жасалған. Жастардың білімге тартылуы мен жаңа сұранысқа ие кәсіби мамандықтарға қызығушылығы артып жатқанын жыл сайынғы мемлекеттік гранттардың молынан бөлінуінен көруге болады. Заман талабына сай келетін білім бағдарламалары оқу орнында білім алушылармен қатар, оқытушы құрамға, яғни білім мен ғылымды арттыруда жаңа талаптарды, жаңа жауапкершілікті жүктеп, озық үлгідегі жаңа тәжірибелерді игеруді, үздіксіз дамуды қажет етеді. Сондықтан жас ғалымдарға, оқытушыларға ғылыми әлеуетін дамытуға, әлеуметтік әл-ауқатын арттыра отырып, мүмкіндігін жүзеге асыруға қолдау, жастардың

жаңашылдық пен кәсіби шыңдалуларына себеп болар еді.

Өңірлерде су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда ерекше байқалып отырған кадр тапшылығын төмендету мамандарды даярлауда нақты осы бағыттарда тапшылықтың себептерін және оқылықтың орнын толтыру жолдарына талдау, сараптау жұмыстары нәтижелеріне сүйене отырып кәсіби даярлықты жетілдірудің жолдарын қарастыру, осы бағытта жұмыстар жасау аса маңызды.

– Мемлекет басшысы келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтынын мәлімдеді. Бұл осы салада еңбек етіп жатқан мамандарға тың серпіліс бере алады деп ойлайсыз ба?

– Иә, жолдауда техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажеттілігі жайында айтылды. Кәсіптік білім алып шыққандарды жұмыспен қамту осы бағытты дамытуға орынды бастама деп есептеймін. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу, еңбеккер және нағыз маман болу әрбір азаматтың өз саласында кәсіби біліктің жоғары жетістігіне жету, адал еңбекпен өз ортасының абыройлы азаматы болу, табысты болуын қоғам тарапынан қолдау, еңбегіне лайықты марапаттау жолдарын жетілдіру маңызды. Бұл азаматтарымыздың өз еңбегіне, жетістігіне, өзін жетілдіруге құлшынысын арттыруға түрткі болады, шабыт береді. Ел басшысының алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы да қоғамдағы көп түйінді шешуге ықпал етеді деген ойдамын. Мысалы, қазір ауылдарда комбайншы, механизатор, тракторшы және т.б. ауыл шаруашылығына қажетті маман иелерін таппайсыз. Кезінде кәсіптік-техникалық оқу орындары осындай мамандықтарды даярлайтын. Сондықтан жұмысшыларға, еңбек адамына құрмет көрсету – қоғамның парызы.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚР БҒМ ҒК Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтында «Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілетудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар» жоспарына сәйкес, «Білім – асыл қазыналы сандық, оны ашатын кілт – еңбек» деген тақырыпта отандық ғалымдармен кездесу өтті.

Іс-шараның мақсаты – студенттерге кәсіптік бағдар беру, жастардың бойына адалдық пен еңбексүйгіштік құндылықтарын сіңіру. Ұйымдастырушылар: биология және биотехнология факультеті Биотехнология кафедрасының профессорлары және «Биотехнология» мамандығының 1-4 курс студенттері.

Іс-шара барысында институттың ғылыми қызметкерлері бүгінгі күні зертханаларда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жобаларының бағыты, алынған нәтижелері және жетістіктерімен таныстырды. Ғалымдар студенттерге қызықты дерістер мен баяндамалар және презентациялар жасады.

Молекулалық генетика зертханасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ерлан Кереспекұлы Қазақстанда ауылшаруашылық дәнді дақылдарының геномдық селекциясын жүргізу және жабайы өсімдіктерді ДНҚ-генотиптеу мәселелерінің өзектілігін айқындап, студенттерді осы бағыттарда орындалып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары және қолданыла-

Еңбекқорлық – жоғары нәтижеге жету кепілі



тын заманауи құрал-жабдықтармен таныстырды. Сондай-ақ елімізде эндемикалық, сирек және шаруашылық бағалы өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтау және генетикалық алуантүрлілігін зерттеу технологияларын сипаттап берді.

Гермоплазманы криосақтау зертханасының меңгерушісі, б.ғ.к., профессор Светлана Кушнаренко өсімдіктердің генофондын сақтауда криоконсервациялау технологиясын қолданудың маңыздылығын баяндады. Өсімдіктердің генетикалық ресурстарын ауыл шаруашылығы, медицина, орман шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғауда тиімді пайдалану және оларды сақтаудың биотехнологиялық аспектілеріне тоқталды. Зертхананың ғылыми қызметкері Назгүл Рымханова құнды экономика-

лық және биологиялық сипаттамаларға ие бірқатар жеміс-жидектер мен көкөністердің, орман және сәндік дақылдардың түрлерін, формалары мен сорттарын микроролондық көбейту, криоконсервациялау технологияларын жасау және жетілдіру бағытында орындалып жатқан ғылыми ізденістердің маңыздылығын айқындайтын презентациялық баяндама жасады. Өсімдіктерді in vitro жағдайында өсіруге арналған зертханалардың, факторостат пен жылыжай құрылымдары, жабдықталу талаптары мен принциптерін көрсетті.

Генетика және селекция зертханасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Алма Мырзабекқызы студенттерге жасаған баяндамасында ауылшаруашылық құнды белгілерге ие, жоғары өнімді бидайдың

перспективті линиялары мен жаңа сорттарын шығару мәселесінің өзектілігін айқындап, осы бағытта орындалып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жан-жақты таныстырды. Сонымен қатар бидайдың түрлі ауруларға: татқа (*Puccinia striiformis f.sp. tritici*, *Puccinia recondita f.sp. tritici*, *Puccinia graminis f.sp. tritici*), қарақуыға (*Tilletia caries*), септориозға (*Septoria tritici*), сары және жапырақты даққа (*Pyrenophora tritici-repentis*, *Septoria tritici*) төзімділігін зерттеу әдістемелерін сипаттап берді. Осы ауруларға төзімді гендерді идентификациялау және бидай сапасын арттыруда Marker Assisted Selection классикалық селекциялық бағдарламасын қолданудың практикалық негіздеріне мысалдар келтіре отырып, әдістерді интеграциялау принциптерінің маңыздылығын баяндады.

Өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы зертханасының меңгерушісі, б.ғ.к., профессор Әсел Нұржанова Қазақстанның пестицидтермен және ауыр металдармен лас-танған аудандарын фиторемедиациялық әдістерді қолданып тазарту және лас-танған фитомассаны жою технологиялары бағытында жасалған ғылыми ізденістер мен нәтижелерін баяндады. Сонымен қатар жаңа жоғары тиімді фиторемедианттарды айқындау, олардың қатарын толықтыру және қасиеттерін зерттеу мақсатында жүргізіліп жатқан ғылыми жобалармен таныстырды және алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісті.

Қорыта айтқанда, студенттер отандық ғалымдармен кездесу барысында еңбек құндылықтарын дамытудың маңыздылығын талқылап, тәжірибе алмасып, болашаққа жоспар жасауға мүмкіндік алды. Білім – асыл қазына, оны меңгеру қажырлы еңбек пен табандылықты талап ететініне көз жеткізді, еңбекқорлық пен кәсібилік жоғары нәтижелерге жетудің кепілі екенін түсінді. 2023-25 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру аясында еңбек құндылықтарын дамытуға бағытталған осындай іс-шаралар жалғасын табатыны сөзсіз. Жастарға еңбектің құндылығын түсінуді қалыптастыру өте маңызды. Бұл жастарға сапалы білім алып қана қоймай, өмірлік бағдарды дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді деген ойдамыз.

**Салтанат АСРАНДИНА,
Сәуле АТАБАЕВА,
Биотехнология кафедрасының профессорлары**

Қазіргі өлемді интернетсіз елестету мүмкін емес. Біз оны кез келген салада, әсіресе байланыс, сауда, банк секторында және жұмысымызда қолданамыз. Алайда цифрландырудың өркендеуімен киберқауіп легі де артып келеді. Киберқылмыс, соның ішінде алаяқтық, мысалы деректерді ұрлау, шоттарды бұзу барған сайын өрши түсуде. Желілік ортада өзіңізді қалай қорғауға болатынын және қандай шаралар қауіп-қатерлерді азайтуға көмектесетінін түсіну маңызды.

Таяуда біздің топта осы мәселе бойынша заң ғылымының магистрі Байтұрбай Орынбасар куратор-эдвайзерлік ашық сағат өткізді. Осы ашық сағат аясында біз күнделікті қолданып отырған түрлі әлеуметтік желілерді қалай дұрыс пайдалану қажет екені жайында, яғни кибершабуылдардың алдын алу туралы көптеген мағлұмат алдық.

Жалпы, киберқылмыс – бұл интернетті немесе компьютерлік технологияны қолдану арқылы жасалатын заңсыз әрекеттер. Мұндай қылмыстардың басты мысалы ретінде ең алдымен жеке бас деректерін ұрлау, яғни құпия сөз, банк карталарының нөмірлері немесе жеке сәйкестендіру мәліметі

Киберқылмысқа қалай тосқауыл қоямыз?

сияқты жеке ақпаратты жымқыру жайын айтуға болады. Екіншіден, фишинг – бұл пайдаланушыдан құпия деректерді алу немесе қаржы ұрлау мақсатында алаяқтық хаттар немесе хабарламалар жіберу. Үшіншіден, вирус пен зиянды бағдарламалар жіберу. Бұған құрылғыға енетін және ақпаратты ұрлайтын, пайдаланушыға тыңшылық жасай алатын немесе деректерді бұзатын бағдарламалар жатады. Сонымен қатар бопсалау шабуылдары (Ransomware), олар пайдаланушы төлем төлегенге дейін деректерге қол жеткізуге тыйым салатын зиянды бағдарламалар.

Өзіңізді киберқылмыстардан қорғау үшін көптеген шаралар кешені қолдану керек. Осындай стратегиялардың бірнешеуіне тоқтала кетуді жөн санадым. Қиын парольдерді қолдану, түрлі сайттар үшін бірдей құпия сөзді пайдаланбау, құпия сөз менеджерлерін пайдалану. Бұл бағдарламалар құпия сөздерді шифрланған түрде сақтауға және күрделі, бірегей құпия сөздерді жасауға көмек береді. Сонымен

бірге екі факторлы аутентификацияны (2FA) қосу – бұл әдіс парольді ғана емес, сонымен қатар SMS коды немесе биометрия (саусақ ізі) сияқты екінші факторды қажет етеді. Бұл есептік жазбалардың қауіпсіздігін едәуір жақсартады. Тағы бір ескеретін жайт, бағдарламалық жасақтаманы жаңартып отыру керек. Қосымшаларды үнемі жаңартып отыру шабуылдаушылар қолдана алатын осалдықтарды жабуға көмектеседі. Қауіптерді анықтайтын және бейтараптандыратын сенімді антивирустық бағдарламаны орнатуға тырысу керек. Брандмауэрді пайдалану құрылғыны қажетсіз кіріс және шығыс байланыстардан қорғай алады. Жалпыға ортақ Wi-Fi желілерін пайдалану кезінде сақ болу қажет. Мұндай желілер шабуылдарға осал. Сондықтан оларды онлайн-банкінг немесе құпия ақпаратты енгізу үшін пайдаланудан аулақ болған абзал. Сонымен қатар VPN пайдалану керек. Бұл виртуалды жеке желі (VPN) интернет-трафикті шифрлап, оны қоғамдық желілерде қауіпсіз етеді.

Әлеуметтік желіге келіп түскен түрлі сілтемелер мен тіркемелерді ашқан кезде сақ болған жөн. Егер хат немесе хабарлама күдікті болып көрінсе немесе белгісіз жіберушіден келсе, тіркемелерді ашпаңыз немесе сілтемелерге өтпеген дұрыс. Сақтық шараларының тағы біріне URL мекенжайларын тексеру жатады. Мұнда фишингтік сайттар ресми сайттарға ұқсас URL мекенжайларын жиі пайдаланады. Бірақ шамалы өзгерістер бар. Деректерді енгізбес бұрын, мекенжайларды тексерген жөн.

Жалпы, кибершабуылдарға қалай әрекет ету керек? Барлық сақтық шаралары орындалса да, кибершабуыл болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда не істеу керек екенін білу маңызды:

1. Құпия сөздерді дереу өзгерту: егер сіздің есептік жазбаларыңыз бұзылды деп күдіктенсеңіз, барлық маңызды қызметтердегі құпия сөздерді өзгерту керек.

2. Қаржы институттарына хабарласу: егер деректерді ұрлау орын алса, рұқсат етілме-

ген транзакциялардың алдын алу үшін банкке хабарласып, болған жағдайды баяндау қажет.

3. Құрылғыларды сканерлеу үшін антивирустық бағдарламаларды қолданған дұрыс.

4. Есептік жазбаны бұзу немесе деректерді ұрлау сияқты ауыр шабуыл болған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау керек.

Технологияның дамуымен киберқылмыскерлер пайдаланушылар мен ұйымдарға шабуыл жасаудың жаңа жолдарын табады. Алайда қорғаныс технологиялары да бір орында тұрмайды. Қазіргі таңда жасанды интеллекті және машиналық оқыту технологиялары желідегі күдікті әрекетті тануға және шабуылдардың алдын алуға көмектесуде. Болашақта қорғаныстың негізгі факторларының бірі – әлеуметтік желі пайдаланушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру. Желіде өзін қалай ұстау керек екенін және қауіп-қатерлерге қалай әрекет ететінін үйрену өте маңызды.

«Сақтансаң сақтаймын» дегендей, біз өз жауапкершілігіміз бен сауаттылығымызды арттырған жағдайда ғана кибершабуылдардың құрбаны болудан қорғаламыз.

**Жасмин ЖОРАБЕКҚЫЗЫ,
«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-курс студенті**

Развивая сотрудничество между ВУЗами



В целях развития и углубления сотрудничества между ВУЗами, военную кафедру НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» посетила группа преподавателей кафедры специальных дисциплин Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи Министерства обороны Республики Казахстан.

ции специальной пропаганды, прессцентр и Музей военной кафедры.

В завершении мероприятия доцент кафедры специальных дисциплин Военного института В.Арсеньев поблагодарил руководство военной кафедры и лично начальника кафедры полковника О.Ажимова за предоставленную возможность ознакомления с военной кафедрой передового ВУЗа нашей страны – КазНУ имени Аль-Фараби!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Преподаватели военного ВУЗа ознакомились с учебно-материальной базой военной кафедры, посетили учебные занятия, ознакомились с методикой проведения практических занятий на средствах связи на учебно-тренировочном

полигоне цикла специальных войск военной кафедры.

Также гости военной кафедры посетили учебные занятия с будущими военными идеологами. Большой интерес вызвал Центр психологической поддержки, аудитория организа-

В этом году ведущему старшему преподавателю кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Айпаевой Аиде Садыковне исполняется 60 лет.

Аида Садыковна работает на кафедре с 1987 года. Факультет был открыт в 1985 году. А через 2 года на кафедре появилась молодая, очень обаятельная девушка, с прекрасным образованием. Аида окончила филологический факультет МГУ им. Ломоносова и сразу же вернулась в свой родной город Алматы. Первая работа оказалась очень интересной. На факультете студенты-иностранцы из разных стран изучали русский язык. Аида Садыковна сразу же покорила студентов и нас преподавателей- коллег своей жизнерадостностью, умением работать профессионально, желанием добиться самых хороших результатов в работе. Она учила студентов и училась сама, совершенствуя своё педагогическое мастерство, свои знания.

Как быстро летит время! Подарок к юбилею – тридцати семилетний стаж работы на одной кафедре и признание её заслуг! Аида Садыковна прекрасно владеет методикой преподавания русского языка как иностранного, использует все новейшие разработки. Её занятия проходят интересно, содержательно и очень нравятся студентам. По результатам

Любим, уважаем, поздравляем!



конкурса 2010 года «Лучший преподаватель университета» она получила звание «Лучший преподаватель факультета». Аида Садыковна занимается научной и методической работой: пишет статьи, пособия, участвует в конференциях. Она автор около 100 публикаций, из них 20 – это учебные пособия.

О ней можно сказать, что она неравнодушный человек! Она ко всем видам работы подходит творчески, отдавая все свои знания и свою энергию. Вся её жизнь связана с факультетом, с любимой педагогической деятельностью. Она работала со студентами из Камбоджи, Вьетнама, Лаоса, Кашмира, Афганистана,

Пакистана, Индии, Китая, Кореи, Кении, Мали, Турции, Монголии, Чили, Испании, Франции, Великобритании, США. Студенты из этих стран вспоминают своего любимого преподавателя Аиду Садыковну и говорят по русски, благодаря не только своим стараниями, но и её милому преподаванию.

Хочется пожелать Аиде Садыковне здоровья, молодости, счастья, благополучия, творческих успехов и, конечно, новых студентов!

Елена ИГНАТОВА,
к.ф.н., доцент
кафедры языковой и
общеобразовательной
подготовки иностранцев

Изменение климата – одна из самых важных проблем современности. То, что климат нашей планеты меняется и меняется стремительно, уже не вызывает сомнений. В условиях глобальных климатических изменений и частых природных катаклизмов, таких как засухи, наводнения и ураганы, важность точных и оперативных прогнозов как никогда важно. Спутниковые данные играют ключевую роль в мониторинге атмосферных процессов, а их правильное применение помогает улучшить качество прогнозов, повысить безопасность и защитить общество от последствий природных катастроф.

Тренинг собрал ученых из ЦА и Кавказа



С целью расширения знаний о современных методах использования спутниковых данных для прогнозирования погоды и других метеорологических явлений, в стенах КазНУ имени Аль-Фараби, на базе казахстанско-китайской лаборатории, кафедрой метеорологии и гидрологии был организован международный тренинг на тему: «Технология дистанционного зондирования и применения», объединяющее молодёжь Центральной Азии и ближнего зарубежья. Международный тренинг был совместно с Всемирной метеорологической организацией (ВМО) и Центром спутниковых данных по исследованиям и разработкам (CIMSS), который стал важной площадкой для обмена опытом и знаниями в области спутниковой метеорологии. ВМО является авторитетным источником информации в системе ООН по вопросам, касающимся состояния и поведения атмосферы Земли, ее взаимодействия с сушей и океанами, погоды и климата, которые формируются на нашей планете, и распределения водных ресурсов.

Участниками тренинга стали молодые ученые и студенты из Казахстана, Армении, Кыргызстана, Молдова, Таджикистана и Узбекистана. Тренинг проводили специалисты высокого уровня: Тим Вагнер, исследователь из Университета Висконсин-Мэдисон, и Наталья Донохова, руководитель отдела космических систем ВМО. Международный тренинг важный шаг к развитию новых связей и обмену опытом в науке о Земле, способствуя укреплению сотрудничества между странами региона. Участники тренинга не только приобрели знания о современных технологиях обработки

данных, но и навык работы в командах, который станет ключевым при решении междисциплинарных задач в области метеорологии. Практические занятия включали анализ реальных спутниковых снимков и использование специализированного программного обеспечения для моделирования погодных явлений. Эти навыки, безусловно, помогут молодым ученым в их будущей карьере.

Обсуждения по темам изменения климата, устойчивого развития и реагирования на катастрофы стали важной частью программы. Участники обменивались опытом и идеями, создавая платформу для будущего взаимодействия. Темы, затронутые на тренинге, вызвали живой интерес и вдохновили молодёжь на дальнейшие исследования. Желание делать мир лучше через науку и инновации стало основным посылом данного события. Партнерство между различными странами и организациями, поддерживающими развитие метеорологии, открыло новые пути для сотрудничества и обмена опытом. Тренинг «WMO-CIMSS Forecaster Training on Satellite Meteorology Data and Applications» стал важным шагом на пути к подготовке нового поколения специалистов в области гидрометеорологии, которые смогут использовать самые современные методы и технологии для обеспечения безопасного будущего.

Гульнур МУСРАЛИНОВА,
ст. преподаватель

Айман НЫСАНБАЕВА,
к.г.н., доцент
кафедры метеорологии и
гидрологии

Су – ең қымбат табиғи ресурс

Су ресурсы еліміздің табиғи байлығының ішінде аса маңызды орын алады. Қазіргі уақытта жаһандық тұщы су тапшылығы өскен сайын су ресурсының рөлі мен маңызы күннен-күнге артып келеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, алдағы онжылдықта су ең қымбат ресурстардың біріне айналады, ал ауызсумен қамтамасыз ету ең өзекті экологиялық мәселелердің бірі болмақ. Еліміздің су ресурсы – экономиканы одан әрі дамытудың іргелі элементтерінің бірі.

Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су ресурсы басқа да табиғи ресурстармен қатар, мемлекетіміздің материалдық негізін құрайды. Алайда табиғи ресурсты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан су мәселесі қазіргі таңда шешімі күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі жағдайда Қазақстанның барлық маңызды экологиялық параметрлері бойынша табиғи ортаның жай-күйі күрт нашарлау сатысында, ең алдымен су ресурсы экологиялық күйзеліс жағдайында тұр. Оның айқын мысалы ретінде Арал теңізінің экологиялық апатқа әкелген Әмудария мен Сырдария өзендерінің экологиялық апатты жағдайын айтса болады.

Каспий теңізі де соңғы жылдары мұнай өнеркәсібінің қалдықтарынан және қоршаған ортаға адамның басқа да антропогендік әсерінен айтарлықтай тайыздануға және шамадан тыс ластануға ұшырады. Соның салдарынан Каспий итбалығының қырылу жағдайы жиілеп, бекіре балықтарының саны азайып, теңіз бетінде мұнаймен ластану жағдайлары байқалды. Бұл флора мен фаунаың әралуандығына кері әсер етеді.

Сондай-ақ Іле өзенінің сумен қамтамасыз етілмеуі, өнеркәсіптік және ауылшаруашы-

лық қалдықтарымен ластануы салдарынан бір кездері дүниежүзіндегі ең таза көлдердің бірі болып саналған Балқаш көлінің экологиялық жағдайы айтарлықтай нашарлады.

Жайық өзені трансшекаралық су ресурсы, сондықтан ол жоғарғы және орта ағыстағы түрлі аумақтардан ластану ағынына бейім. Жайық өзенінің экологиялық жағдайының мониторингі антропогендік ластанудың бар екенін көрсетті. Су ресурсының гидрохимиялық режимі су құрамының маусымдық ауытқуларының өзгеруіне ұшырайды.

Қазақстанның жерүсті және жерасты трансшекаралық су ресурстары күшті антропогендік әсерге ұшырайды, бұл олардың экологиялық әл-ауқаты мен табиғи ортаның жалпы жағдайының нашарлауына да әсер етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Орталық Азия, Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттері арасында су ресурсының және жалпы табиғи ортаның ластану дәрежесі бойынша алғашқы орындарда тұр.

Еліміздің су ресурсының негізгі қоры жерүсті және жерасты көздерінде шоғырланған. Жалпы алғанда, Қазақстанның су ресурстары өңірлер бойынша әртүрлі орналасқан. Сонымен, шығыс аймаққа барлық су ресурсының – 34,5 пайызы, орталыққа – 2,6 пайызы, оңтүстік-шығысқа – 24,1 пайызы, оңтүстікке – 21,2 пайызы, батысқа 13,4 пайызы жатады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, 2023 жылы тұщы судың жалпы қоры 539 текше шақырымға бағаланды. Оның ішінде мұздықтарда 58 текше шақырым, суқоймаларда 95 текше шақырым, көлдерде 190 текше шақырым шоғырланған, өзен ресурстары 101 текше шақырым және жерасты суларының қоры 95 текше шақырымды құрайды.

Елімізде су тапшылығы мә-



селесі жыл өткен сайын күрделеніп келеді. БҰҰ мәліметтері бойынша, 2030 жылға қарай Қазақстан су тапшылығына тап болуы мүмкін. Мемлекет басшысының пайымдауынша, еліміз 2050 жылға қарай тіпті «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру.

Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрылғанына бір жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт аралығында екі маңызды құжат қолға алынды. Атап айтатын болсақ, ҚР Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Екіншіден, ҚР Су кодексінің жобасы әзірленіп жатыр.

Министрлік су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында 2030 жылға дейін қосымша 2,6 текше шақырым су жинай алатын жаңа 42 суқойма салуды, 1,9 текше шақырым су сақтайтын 30 суқойма мен 14 450 шақырым суару каналын реконструкциялауды жоспарлап отыр. Сарапшылардың мәлімдеуінше, аталған шаралар арқылы

тасымалдау кезіндегі су шығынын 25 пайызға азайтуға, ал суармалы жерлердің көлемін 400 мыңнан артық гектарға ұлғайтуға болады.

Жаңа Су кодексі жобасында суды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер талқыланды. Осылайша құжат жобасы уәкілетті ведомство мен бассейндік инспекцияларға қадағалау функцияларын жүктейді. Қолданыстағы Кәсіпкерлік кодекске бассейндік инспекциялар мен мемлекеттік су инспекторларының функцияларын кеңейту, мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысандарын өзгерту, сондай-ақ жедел әрекет етудің жаңа құралдарын енгізу бойынша толықтырулар енгізу ұсынылады.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің айтуы бойынша, биыл елімізде су шаруашылығы нысандарын дамыту бойынша 411 жоба іске асырыла бастады. Атап айтқанда, 575,9 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру, жалпы ұзындығы 2,5 мың шақырымдық 203 каналды салу және реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр. Осының

нәтижесінде 1 млн 48 мың тұрғыны бар 437 ауылдық елді мекенде сумен қамтамасыз ету сапасы жақсарады. Бұдан бөлек, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында 3500 шақырым суару желілерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Ақмола облысында Нұра топтық су құбырын реконструкциялау жұмысының 36,6 шақырымы аяқталды.

Министрлік көршілес мемлекеттермен трансшекаралық су айдындарын пайдалану мәселесі бойынша 15 іс-шара өткізді. Осының нәтижесінде биыл елімізге Өзбекстаннан 4 млрд текше метрден астам, Тәжікстаннан 488,6 млн текше метр, Қырғызстаннан Шу өзені арқылы 180 млн текше метр және Талас өзенімен 380 млн текше метр су келді. Қытаймен 20-дан астам трансшекаралық өзен бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр. Оның ішінде үш ірі өзен: Ертіс, Іле және Еміл бар. Ресеймен Жайық, Ертіс және тағы да басқа ірі трансшекаралық өзендердің суын пайдалану, қорғау және зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде келіссөздер өтті.

Биыл еліміздің суқоймаларына 75 млрд текше метр су жиналды, оның 12 млрд-тан астамы – тасқын су. Шардара суқоймасына суару маусымында 4,2 млрд текше метр су келді. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,5 есе көп. Қапшағай суқоймасы соңғы он жылда алғаш рет 18 млрд текше метрден артық су жинап, 100 пайызға толды. Жыл басынан бері Балқаш көліне 12 млрд текше метр, Каспий теңізіне 7,4 млрд текше метр су жіберілді. 2023 жылдың қазан айынан бері Арал теңізіне 2 млрд текше метрден астам су жіберілді.

Қалдарбек ҚУАНДЫҚОВ,
заң ғылымының кандидаты,
доцент

Механика-математика факультеті жастарының арасында Тұрақты даму мақсаттарын кең түрде насихаттап, оның бағыттарын жүзеге асыру бойынша түрлі іс-шаралар жүйелі түрде өтіп тұрады.

Жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға, оларды өнер арқылы өз ойын жеткізуге баулуда театрдың ықпалы орасан. Театр арқылы жастар адамгершілік құндылығын, моральдық нормаларды және әлеуметтік жауапкершілікті түсінеді. Қойылымдар қоғамдағы мәселелерді қозғай отырып, жастарды сыни ойлауға және талдау жасауға ынталандырады. Сонымен қатар театр жас ұрпақтың мәдениетке, өнерге және әдебиетке деген қызығушылығын арттырады, олардың дүниетанымын кеңейтеді.

Университетіміздің механика-математика факультетінің

«Болмаған балалық шаққа»

САЯХАТ

студенттері Фабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына барып, Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» атты спектаклін тамашалады. Бұл спектакльдің сценарийі ақынның автобиографиялық кітабы негізінде жазылған. Қойылым көрермендерді балалық шақтағы ауыртпалықтарды сезінуге, жалғыздық және адамның өмірдегі өз орнын іздеу әлеміне терең бойлатады. Шығармашылық қойылым эмоциялық және философиялық тұрғыда қиын жағдайларда өсіп-жетілу процесін көрсетеді, адам жылулық пен қамқорлықтың жоқтығына қарамастан, күрес пен өзіне-өзі табуға деген күш-жігер тбатынын байқатады.



Спектакль қиындықтардың адамның болмысын қалай қалыптастыратынына толы терең

метафораларға, тағдыр туралы авторлық ой-толғауларға бай туынды болды. Студенттер

үшін бұл спектакль тек мәдени оқиға ғана емес, сонымен қатар қиын өмірлік тақырыптарға эмоциялық және интеллектуалдық тұрғыда ену тәжірибесі болды. Актерлердің ойыны мен сценография ерекше әсер қалдырып, әр көрерменге оқиға мен жеке сезімнің әсерін сыйлады. Спектакльден кейін студенттер қойылымды талқылап, ой-пікірлерімен бөлісіп, балалық шақ, тұлға қалыптасуы және өмірлік қиындықтарды жеңу мәселелерін ашық айтты.

Осындай қойылымдарға бару студенттердің мәдени көкжиегін кеңейтіп, олардың адам жанының тереңдігін түсінуіне көмектеседі, бұл олардың жеке және кәсіби өсуі үшін өте маңызды.

Сәуле МАУСЫМБЕКОВА,
Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының меңгерушісі,
қауымдастырылған профессор

Студенттер ұлттық сусыннан

ДӘМ ТАТТЫ

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының 3-ші бағытына жататын «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» тақырыбы аясында тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының ұжымы «Ұлттық сусын жаңа форматта: қымыз-пати» атты ұлттық сусындарымызды дәріптеу және жастар арасында танымал брендке айналдыру мақсатында іс-шара өткізді.



орынбасары, т.ғ.к., доцент Еділ Ноянұлы, кафедра меңгерушісінің халықаралық байланыс және ғылыми-инновациялық жұмысы бойынша орынбасары, т.ғ.к., аға оқытушы Жұмақан Арынов, Фатима Қозыбақова, Нәзия

Тасилова және т.б. оқытушыларымыз қатысты.

Іс-шараға қатысқан студенттерге қымызбен қатар, бауырсақ таратылып, кең тараған сүт өнімдеріміздің бірі – құрт үлестірілді. Ұлттық сусын – қымыздың ел тұрмысында алатын орны ерекшелігімен қатар, денсаулыққа зор пайдасын тигізіп, күздің қоңыр салқын күнінде иммунитетті көтеретін таптырмас құрал екенін еске алсақ, жатақханада тұратын студенттер үшін бұл іс-шара дер шағында ұйымдастырылды. Студенттер Қазақстан тарихы кафедрасы ұжымына ерекше алғыс білдірді.

Жұлдыз БЕКБАУОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылдан астам уақыт тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақаланыңызы ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначеніе) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға	ҚАЛА		ауыл/аудан
	жеке тұлға	заңды тұлға	
	4910,04 теңге	7923,12 теңге	4910,04 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе, «QAZAQ UNIVERSITETI» газетіне жазылуға ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 3227, 3228

Айналамызды таза ұстау – парыз

«Тазалық – табалдырықтан басталады» дейді халық даналығы. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың міндеті. «Таза Қазақстан» акциясы аясында Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жарқын күз» ауқымды экологиялық науқаны өтті.

денсаулық және әл-ауқат, ТДМ-6 – таза су және санитария), Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мен тыңдаушылар, олардың ішінде қандас жастар қатысып, белсенділік танытты. Сондай-ақ сенбілік жұмысына Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншілері атсалысып, Алатау ауданындағы ALA жаңа саябағына 1500 түп көшет отырғыздық.

Мұндай шаралар қоршаған

ортаға мейіріммен қарауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға септігін тигізіп, айналамызды таза ұстауға, кез келген жерге қоқыс тастамауға үндейді.

Алматы – ортақ үйіміз. Қаланы таза ұстайық. Алматы тұрғындарын, әсіресе жастарды шаһарды тазартуға, қоршаған ортаны сақтауға шақырамыз.

Сандуғаш НҰРТИЛЕУОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы



Оған тұрақты даму мақсаттарына сәйкес (ТДМ-3 – жақсы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.